

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ



Бекітемін
«Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университеті» КЕАҚ
Басқарма Торагасы – Ректор м. а.
Т.О. Балықбаев

Бұйрық № _____ «9 » желтоқсан 2020 ж.

«ПАРАСАТ» ОРТАЛЫҒЫ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ

көшірме	Код	басылым	Дайындаған	Келісілген	Келісілген
	09-01-12	екінші	Усипов К.Т. <i>Усипов</i>	Нұргиәев С.Ә. <i>Нұргиәев</i> Жусупбеков С.С. <i>Жусупбеков</i>	Оразғали А.Д. <i>Оразғали</i> Норма бақылау: Жанбаева Л.А. <i>Жанбаева</i>

Алматы, 2020

	«Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті» КЕАҚ Кәсіптік практика, парасат және жұмысқа орналастыру оғисі туралы Ереже	Күні: 09.11.2020 Е ҚазҰПУ 09-01-12	Басылым: екінші Беті 4, 2 беттен
--	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------	-------------------------------------

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕРИ

1.1. Осы Ережеде «Парасат» орталығының (*бұдан әрі - Орталық*), оның басшысы мен осы орталықтың қызметкерлерінің қызметі айқындалады. Орталық Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің (*бұдан әрі-Абай атындағы ҚазҰПУ*) құрылымдық бөлімшесі және университет деңгейінде құрылған жемқорлыққа қарсы күрес Кеңесінің жұмыс органы, сыйайлас жемқорлыққа қарсы саясат Тұжырымдамасы, жемқорлыққа қарсы Стандарт және мұдделер қактығысын шешу Саясатының негізінде қабылданған Кеңес шешімдерінің орындалуына бағытталған қызмет саласының сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің талаптары негізінде ұйымдастырылуын үйлестіруші және бақылаушы болып табылады.

1.2. Орталық өз қызметін ҚР Сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі «Sanaly Urqaq» республикалық жобалық Кеңесінің енгізілетін ұсынымы шеңберінде жүзеге асырады.

1.3 Орталық «Sanaly Urqaq» республикалық жобалық Кеңесінің, «Алматы - Адалдық алаңы» және ҚР Сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментімен, Алматы қаласының әкімдігімен, жастар ұйымдарының өкілдерімен, БАҚ және басқа да уәкілетті органдармен байланысты қолдайды. Орталық ISO 37001:2016 халықаралық стандарт талаптарына сәйкес сыйайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесін әзірлеу және енгізуі іске асыруға жәрдемдеседі.

1.4 Орталық заңнама негізінде, ҚазҰПУдың Жарғысына және осы Ережеге сәйкес жұмыс істейді. Орталық директоры Университеттің проректорына тікелей бағынады.

1.5 Орталық өз қызметінде:

- Қазақстан Республикасының Конституциясын;
- «Сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын;
- Қазақстан Республикасының стратегиялық құжаттары мен мемлекеттік бағдарламаларын;
- Абай атындағы ҚазҰПУдың 2018-2025 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспарын;
- Университеттің сапа саласындағы саясаты мен мақсаттарын;
- ИСО 9001:2015 МС;
- ISO 37001:2016 халықаралық стандартын;
- ҚР Азаматтық және еңбек заңнамасын;
- Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өртке қарсы қорғау ережелері мен нормаларын;

	«Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті» КЕАҚ Кәсіптік практика, парасат және жұмысқа орналастыру офисі туралы Ереже	Күні: 09.11.2020 Е ҚазҰПУ 09-01-12	Басылым: екінші Беті 4, 2 беттен
-----------------------------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------	---------------------------------------------------

- Абай атындағы ҚазҰПУ Басқарма төрағасы - ректорының бұйрықтары мен әкімдерін басшылыққа алады

2. ҚЫЗМЕТТИҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

2.1 Орталық өз қызметін ҚазҰПУдың даму Стратегиясының, «Sanaly Ugraq» республикалық жобалық Кеңесінің ұсынымын жүзеге асыру іс шаралар жоспары және ҚазҰПУдың жемқорлыққа қарсы күрес Кеңесінің жұмыс жоспары негізінде жүзеге асырады.

2.2 Орталық қызметінің негізгі бағыттары:

- сыйбайлас жемқорлық көрінісінің белгілерін, ықтимал қауіп-қатерлерді анықтау саласындағы университет қызметін көрсететін үдерістерге мониторингті ұйымдастыру;

- сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды дайындау мен өткізуі бақылауды қамтамасыз ету;

- университеттің білім беру, тәрбие және ғылыми-зерттеу процестерінде қазіргі заманғы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы технологиялар мен механизмдерді қолдануды қамтамасыз ету;

- сыйбайлас жемқорлыққа қолайлы себептер мен жағдайларды уақтылы жоюға бағытталған іс-шараларды өткізу;

- ҚР Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің «Sanaly Ugraq» жобалық кеңесінің ұсынымдарында қамтылған негізгі басымдықтарды университет қызметкерлері мен білім алушылары арасында ұжымда түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру;

- сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдармен ынтымактастықты қамтамасыз ету, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қоғамдық ұйымдармен әріптестік қарым-қатынас құру;

- ISO 37001:2016 халықаралық стандартының талаптарына сәйкес сыйбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету менеджменті жүйесін әзірлеу және енгізу бойынша жобаны енгізу.

3. БАСҚАРМА ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ КАДРЛАР

3.1. Жобалық кеңсенің құрылымы мен штаты Университеттің даму саясатымен анықталатын мақсаттар мен міндеттерге сүйене отырып, осы Ережемен қарастырылған міндеттер мен функцияларды ескере отырып әзірленеді.

3.2. Орталықты Басқарма төрағасы - ректордың бұйрығымен лауазымға тағайындалатын директор басқарады. Орталық директоры болып жобалау кеңесі директорының лауазымдық нұсқаулығында көрсетілген біліктілік талаптарына жауап беретін тұлға тағайындалады.

3.3 Университет орталығының менеджері әкімшілік-басқару персоналына жатады. Менеджер лауазымына тағайындау орталық директорының ұсынысы

	«Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті» КЕАҚ Кәсіптік практика, парасат және жұмысқа орналастыру офисі туралы Ереже	Күні: 09.11.2020 E ҚазҰПУ 09-01-12	Басылым: екінші Беті 4, 2 беттен
-----------------------------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------	---------------------------------------------------

бойынша Басқарма төрағасы - ректордың бұйрығымен жүргізіледі. Менеджер орталық директорына тікелей бағынады.

3.4 Орталық қызметкерлері өздерінің кәсіби міндеттерін заңнамаға, лауазымдық нұсқаулықтарға, еңбек шартына, жұмыс берушінің актілеріне және университет деңгейінде шығарылатын өзге де актілерге сәйкес орындаиды. Орталық қызметкерлерінің санын, олардың еңбегіне ақы төлеу мөлшерін, сыйақы беру және өзге сыйақы жүйесін Басқарма төрағасы - ректор бекітеді.

4. ЖАУАПКЕРШІЛІК

4.1. Орталық:

- ұйымдастыру және іске асыру нәтижелері үшін;
- лауазымдық нұсқаулықтарды, ішкі нормативтік құжаттарды тиісінше орындауда немесе орындауда;
- ақпараттың құпиялышының сақтауда;
- берілген құқықтарды заңсыз пайдалану, қызметтік ақпаратты жеке мақсатта пайдалануда;
- сеніп тапсырылған материалдық құндылықтардың сақталуын қамтамасыз етпеуге жаупаты.

5. ЖОБАЛЫҚ КЕҢСЕНИҢ ӨЗГЕРТУ, ҚАЙТА ҚАРАУ ЖӘНЕ ЖОЮ ЕРЕЖЕЛЕРИ

5.1. «Парасат» орталығының ережесіне өзгерістер, қайта қарau және күшін жою бес жұмыс күні ішінде мынадай жағдайларда: ережені жоспарлы қайта қарau кезінде (жылына 1 рет); оның бағыныстылық деңгейін қайта атау және өзгерту кезінде; қызметті жақсарту мақсатында басшылық пен бөлімше қызметкерлерінің бастамасы бойынша қызметтің нормативтік негіздері өзгерген кезде енгізеді.;

5.2. Құрылымдық бөлімше туралы ережеге өзгерістерді келісу тәртібі ережелерді келісу тәртібіне ұқсас. Өзгерістер енгізу мерзімі-бір ай.

5.3. Көптеген өзгерістер енгізу қажет болған жағдайда Ереженің жаңа редакциясы әзірленеді.

5.4. Колданыстағы ереженің күшін жою «Парасат» орталығының жаңа редакциясын бекіту немесе тарату кезінде жүзеге асырылады.